

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Қосымша хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 27 қыркүйектегі № 680 қаулысы.

Баспасөз релизи

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Қосымша хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаевқа 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Қосымша хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 680 қаулысымен
макұлданған
Жоба

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Қосымша хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы **ХАТТАМА**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі – Хаттама) 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Қосымша хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Жалпы ережелер

1. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

1) полицияны реформалау бағдарламасын ілгерілетуде, атап айтқанда, сервистік полицияны енгізуді қолдауда, полиция академиялары мен басқа да бағыттар үшін оқу бағдарламаларын әзірлеуде;

2) Қазақстан Республикасында Интернет желісінде жасалатын қылмыстарды тергеу бойынша әлеуетті дамытуда (киберқылмысқа қарсы іс-қимыл);

3) сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар саласындағы қылмыстық істерді анықтауда, тергеуде және қарауда, сондай-ақ қылмыстық сот төрелігі саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілер үшін оқыту іс-шараларын жүргізуде құқық қорғау әлеуеттін дамытуда Қазақстан Республикасын қолдау үшін әзірленген жаңа жобаларды жасау үшін 2326000 (екі миллион үш жүз жиырма алты мың) АҚШ долларын бөледі.

2. Жобалардың және оларды іске асыру мақсаттарының толық сипаттамасы осы Хаттаманың 2 және 3-баптарында келтірілген. Осы Хаттама 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумда (бұдан әрі – Меморандум) санамаланған жобаларға қолданылатын тиімділік көрсеткіштерін өзгертпейді. Меморандумда жазылған барлық басқа міндеттемелер, шарттар мен ережелер құшінде қалады және толық көлемде қолданылады.

3. Америка Құрама Штаттары Үкіметінің осы Хаттамаға сәйкес ағымдағы қаржы жылынан кейін қаржы қаражатын беруі Меморандумда санамаланған жобалардың мақсаттарына қол жеткізудегі қанағаттанарлық прогрессе, сондай-ақ бөлінуін жыл сайын Америка Құрама Штаттарының Конгресі мақұлдайтын және беретін және Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік департаменті бекітетін қаржы қаражатының болуына негізделген. Тараптар қаржы құралдарын ұсынылған қаржы құралдарының сомасын көрсету үшін Меморандумға одан әрі өзгеріс енгізу қажеттігінсіз енгізілген түзетулерді қамтитын Меморандумда баяндалған шарттар сақталған жағдайда, осы Хаттамаға сәйкес ұсынуға болатынын келіседі. АҚШ Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметін осы Хаттамаға сәйкес қаржы құралдарын ұсыну туралы хабардар етеді.

2-бап. Жобалардың сипаттамасы

Құқық қорғау реформасы

1. Құқық қорғау қызметін реформалау жөніндегі жоба шенберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықпен жұмыс істеуге бағдарланған сервистік полицияны әзірлеуде және институттандыруда, сондай-ақ полиция қызметкерлерін қабылдау рәсіміне және оқыту ұзақтығына өзгерістер енгізуге байланысты қолдау көрсетілетін болады, жоба шенберінде Ішкі істер министрлігінің полиция академиялары үшін оқу бағдарламаларын әзірлеуде және басқа да бағыттарды дамытуда қолдау көрсетілетін болады. Бұл жобаның нәтижесі стандартталған оқу бағдарламалары мен ұлттық сервистік полиция бағдарламасын әзірлеу болады, ол құқық қорғау органдарына қоғамдық сенімнің ажырамас бөлігі болып танылады.

Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл

2. Интернет желісіндегі қылмыстарға қарсы іс-қимыл жобасы тергеушілерден бастап судьяларға дейінгі қылмыстық сот төрелігі жүйесін қамтиды. Жоба шенберінде ағымдағы заңнаманы бағалау, жедел құрам мен тергеушілерді киберқылмыстарды анықтау және тергеу әдістеріне оқыту, сондай-ақ прокурорлар мен судьяларды Интернет желісіндегі қылмыстық іс-әрекетке қатысты қылмыстық қудалау және сот шешімдерін шығару үшін қажетті дәлелдемелер туралы хабардар ету жүргізіледі. Осы жоба аяқталғаннан кейін қылмыстық сот төрелігі органдары Интернет желісінде жасалатын қылмыстар бойынша анықтау, тергеу және қылмыстық қудалау мәселелерінде көбірек хабардар болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

3. Жоба шенберінде қылмыстық сот төрелігі жүйесінің барлық буындарының өкілдері үшін оқыту іс-шараларын жүргізу арқылы тергеушілердің, прокурорлар мен судьялардың әлеуетін нығайтуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес жөніндегі күш-жігерде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қолдау көрсетілетін болады. Жоба шенберінде қылмыстық сот төрелігі органдарының өкілдері үшін мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларды сақтау қажеттілігі мәселелері бойынша оқыту іс-шаралары да жүргізіледі.

4. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін АҚШ Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі осы күш-жігерді қолдау үшін өздерінің заңнамалық рәсімдеріне сәйкес жыл сайынғы негізде іс-қимыл жасайды және ресурстар бөледі.

3-бап. Жобалардың тиімділігін бағалау және мақсаттарына қол жеткізу

1. Осы жобалардың ұзақ мерзімді мақсаты бір мезгілде қылмыстық қудалау институттарына қоғамдық сенімді одан әрі нығайтуды қолдай отырып, Қазақстан Республикасы қылмыстық сот төрелігі органдарының кәсібилігін жоғарылату және әлеуетін арттыру болып табылады.

Осы Хаттамаға сәйкес бөлінетін қаржыландырудың мақсаты есірткінің заңсыз айналымы, сыбайлас жемқорлық, заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстату, адам саудасы және киберқылмыс сияқты трансұлттық және ұйымдастық қылмысқа қарсы қуресте құқық қорғау органдарының, сот төрелігі органдарының және үкіметтің мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады.

Құқық қорғау реформасы

2. Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп әзірленген полиция академияларының оқу бағдарламаларын қабылдауымен және Қазақстанның жекелеген ірі және орта қалаларында сервистік полицияның енгізілгенін анықтаумен бағаланады. Жоба шенберінде тренингтердің тыңдаушыларымен жүргізілген сұхбаттар оқытудың қолданылу ынғайлышы мен тиімділігін бағалау үшін пайдаланылатын болады.

Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл

3. Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі прогресс күнтізбелік 2020 жылға қамауға алу, қылмыстық қудалау және айыптау үкімдерін шығару жөніндегі базалық статистикалық көрсеткіштерді белгілеу арқылы өлшенетін болады. Жобаның алғашқы 24 айдағы мақсаты белгіленген базалық деңгеймен салыстырғанда 20 пайызға ұлғайту болады. Жоба шенберінде оқыту іс-шараларының тыңдаушыларымен жүргізілген сұхбаттар өткізілген оқыту іс-шараларының қолданылуы мен тиімділігін бағалау үшін пайдаланылатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

4. Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі прогресс жоба қаржыландыратын оқыту нәтижесінде алынған және қолданылатын біліммен өлшенетін болады. Білімді алу және қолдану қатысушылар оқытуды жүргізу және оқытудан кейін алты ай ішінде толтырған сауалнамалар негізінде айқындалады. Мақсат білімді орта есеппен 50 пайызға арттыру және осы білімді жылына 40 пайызға қолдану болып табылады. Тараптар оқыту нәтижесінде алынған білімді қолдану мүмкіндіктері оқытудан кейін белгіленген кезең ішінде пайда болмауы мүмкін екенін түсінеді.

4-бап. Іске асыруды бағалау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Америка Құрама Штаттары Үкіметінің ресми өкілдері осы Хаттаманың 2-бабында көрсетілген жобалардың іске асырылу барысын талқылау үшін жылына кемінде екі рет кездеседі.

5-бап. Қосымша хаттамамен арақатынасы

Осы Хаттама Қосымша хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

6-бап. Күшіне енуі

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап қолданылады және Қазақстан Тарапы осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді өзінің орындағаны туралы хабарлама жіберген күннен бастап күшіне енеді.

жылғы қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Америка Құрама
Штаттарының Үкіметі үшін*

Лауазымы/Аты

Елші Уильям Мозер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК